



**САДЫҚОВ ОҚУЛАРЫ – V**  
**«ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕН**  
**ҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**



**САДЫКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – V**  
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ**  
**НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ**  
**НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ»**

**I-ТОМ**

Алматы, 2018

ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ:  
АЙТЫЛҒАН ТАРИХ ӘДІСІ НЕГІЗІНДЕ

З.Б. Мырзатаева  
т.ғ.к., ассоц. профессор

Т.М. Байсалбаева  
т.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*Аңдатпа*

Мақалада тарихи зерттеулердің жаңа технологиялық құралдарының бірі - Айтылған тарих әдісінің тиімділігі жөнінде талдау жасалынады. Айтылған тарих ғылыми-зерттеу орталығының жүргізген жобаларының мысалында (жаңа бағыттың теориясы мен практикасын) жан-жақты талдауға алынады.

**Кілт сөздер:** Айтылған тарих, тарихи сұхбат, аудио-видео жазбалары, мұрағат, деректік қор, сұхбат паспорты

XXI ғасыр – технологиялық ақпараттық қоғам ғасыры. Бүгінде білім алушылар орасан зор ақпараттық кеңістіктің субъектісіне айналып отыр, сондықтан да олар электрондық-сандық әлемнің тұтқынына айналмауы тиіс керісінше жаңа мәліметтерді тиімді пайдалануға дағдыланғаны жөн болмақ.

Мақалада қоғам тарихын танып білудің, Айтылған тарих сияқты тың әдіс-құралы жөнінде баяндалады. Отан тарихы методологиясында енді ғана бой көтеріп келе жатқан «айтылған тарих» әдісі ғылымның танымдық көкжиегін кеңейте түспек...

Айтылған тарих бойынша деректік қор құру - тарихи сұхбат негізінде іске асырылады. Сол себепті тарихшы мамандардың ғылыми-зерттеу сұхбатын жүргізуге машықтанғаны жөн.

Өйткені ғылымның бұл саласы магистранттарды жаңа технологияны игеруге, шығармашылыққа баулиды, яғни, оларда танымдық біліктілік (ақпараттарды қолдану, сараптау, сыни қорыту, салыстыру, шынайылығын анықтау т.б.); коммуникативтік біліктілік (жастардың әр түрлі әлеуметтік-мәдени ортада қарым-қатынас орнату білу); ақпараттық біліктілік (алынған материалдарды компьютерлік модельдеу мен талдауға) қалыптасады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін эссе, баяндама, презентация, фильмдер даярлау арқылы қорыта алады.

Сонымен «Айтылған тарих» деген не? Тарих ғылымының зерттеу технологиясы дамыған сайын, оның терминдік аппараты да жанаруда. Соған сәйкес «Айтылған тарих» ұғымы отан тарихы ғылымының терминдік қорына еніп, бүгінде ғылыми айналымға еніп кетті. Айтылған тарих бағыты - тарихи оқиғаны, тарихшының сұхбат жүргізуі арқылы алынатын мәліметтерді аудио-видео жазбаларға түсіріп, оны құжаттандырып, мұрағатқа тапсыруды көздейді, ал бұл өз кезегінде тарихи сұхбат арқылы алынатын деректік қор құру дегенді білдіреді. Айтылған тарих зерттеу бағыты - тарихи сұхбаттарды мұрағаттаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оны (тарихи сұхбат материалдарын) ғылыми айналымға тартуды, сол тарихты «оқанды тарих» деп те атаймыз. Қазіргі уақытта студенттерге, магистранттарға аудитория ішінде ғана білім беру жеткіліксіз. Өмірмен тікелей байланыста оқытуды көздейтін Айтылған тарих бағытының ерекшелігі, ол - зерттеушісі болған оқиға аясына тез баурап алуында. Бұл - білім алушылар үшін де, зерттеушілер үшін де пайдалы болмақ.

Екі ұрпақ арасындағы диалог, айтылған тарихтың негізгі технологиялық принциптерінің арнасында орындалады. Сырттан қарағанда екі адамның жәй ғана сөйлесіп отырғанына ұқсағанымен ұзаққа созылған, мол ақпаратты сұхбат пәнаралық тоғыстағы үлкен өнерді игергенде ғана іске аспақ. Айтылған тарих бағытын игеруде тек теориялық білім алу жеткіліксіз, ол практика қатар жүргізілгенде оң нәтижесін бермек. Сондықтан магистранттарға, студент жастарға айтылған тарих бағытында деректік қор құру, оны құжаттау, сосын алынған сұхбат материалдарын қорытып түсіндіру технологиясын теория жүзінде ғана емес, практика негізінде баулып, үйрету қажет. Айтылған тарих шет ел тәжірибесінде ертерек басталып, қолға алынған құрал. Бүгінде батыста айтылған тарих бойынша ірі ғылыми-зерттеу орталықтары үздіксіз жұмыс істеуде. Тәжірибесі мол ғылыми-зерттеу орталықтары түрлі әлеуметтік топ өкілдерінен биографиялық, тақырыптық мазмұнда сұхбаттар жинап, мұрағат қорын байытуда. Қордаланған мұндай жаңа дерекқоры болашақ ұрпақтың, ғалымдардың, тарих сүйер қауымның қажетін өтері сөзсіз. Алайда батыс елдеріндегі тарихшылары арасында бүгінге дейін теминнің дефинициялық мәселесі біріділікке түспеген. Өйткені «Oral history» «ауызша тарих» деген ұғымды білдіреді. Ал «ауызша тарих» пен қазіргі «айтылған тарих» мазмұны жағынан екі түрлі ұғымдар. Басқаша айтқанда ауызша тарих – фольклор, айтылған тарих - ғылыми-зерттеу құралы, әдіс, ғылыми бағыт болып табылады. (Дефиниция мәселесі жөнінде «Айтылған тарих» оқу құралынан толығырақ таныса аласыз. Алматы, «Қаратау» 2015, 240 б.).

*Айтылған тарихтың тақырыптары.* Зерттеудің бұл әдісі әсіресе өткен советтік кезеңдегі қоғамды – XX ғ. 30-40 жж мен ХХІ ғасыр аралығындағы кезеңді, яғни, сол заманда өмір сүрген, қазіргі уақытта көзі тірі куәгерлер, көзкөргендер арқылы зерттеп тануға оңтайлы. Әрине, ақын (А.С. Пушкин) айтқандай өткен кезеңді еске алу мейлі ол сүрендеу болса да рахат сезімдерді оятады демекші, советтік қоғамда өмір сүрген кісілердің естеліктерінде жағымды жәйттердің басым болуы әбден ықтимал, дегенмен, олар баяндаған фактілердің арасында сол қоғамды жаңа қырынан танып-білуге көмектесетін детальдар бәрібір кездесіп қалады.

Өткен советтік қоғам тарихын зерттеп білу жоғары оқу орындарындағы кәсіби мамандардың бүтін қандай қоғамда өмір сүріп жатқандықтарын тура түсіну үшін қажет.

Сол себепті студенттер өткен және бүгінгі өмірдің өзара сабақтастық байланысын түсініп өскенде ғана өз ортасына баға бере алатын болып өседі және қоғамды дамытуға үлес қоса алатын қабілетті, жасампаз, интеллектуал тұлға деңгейіне көтеріле алады. Білім алушылар университет қабырғасында, кітапхана, архивтердегі материалдармен шектеліп қалмай, шынайы өмірлік процестердің ортасында жүргені дұрыс, тарихты куәгерлердің «жанды дауысын» ести отырып танығаны жөн. Аға буынмен бетпе-бет сөйлесу, олардың өткен заманы, ондағы оқиғалар мен жеке тұлғаларға байланысты айтқан ойлары мен жасаған тұжырымдары жас адамға өткен тарих жөнінде түсінік және талғам қалыптастыруға көмектесетін болады.

Айтылған тарих арқылы адамдардың өмір сүру жағдайлары, еңбектегі, демалыс күндеріндегі өмірі (тұрмысы, тамақтану рационы, емделу әдістері, әлеуметтік бейімделуі, өмір сүру дағдылары т.б.) зерттеуге алынады, сонымен қатар, билік механизмін, оның «кішкентай» адам өміріне ықпалы мен әсерін анықтауға мүмкіндік береді, яғни, айтылған тарих ол - қоғамда өзіндік орны бар, бірақ, көлеңкеде «атаусыз», «үнсіз» қалып қойған қарапайым халықтың тарихы. Сондай-ақ, белгілі дәрежеде советтік типтегі қоғамның күнделікті тыныс-тіршілігінің тарихы десе де болады.

Студенттерге айтылған тарихпен айналысу олардың ізденістік-шығармашылық дағдыларын қалыптастыру үшін де маңызды: пәнаралық байланыста жұмыс істей отырып, олар қоғамтанудың журналистика, психология, әлеуметтану сияқты салаларына жақындай түсіп, бойларын үйретеді.



Сонымен қатар ұжымдық деңгейде және жеке жұмыс істеу мәдениетін игеруге дағдыланады. Осымен бір мезгілде білім алушылардың ішкі «Менінің» оянуына оңтайлы жағдай туындайды.

*Айтылған тарих жобасының қажеттілігі жөнінде.* Айтылған тарих жобалары жекелеген адамдардан ұрпаққа жеткізе аламыз. Ал мұндай жинақталған қор:

- біріншіден, ғалымдарға, қоғамға пайдалы. Олар мәселе төңірегіндегі негізгі ақпараттық дерек материалдарын Айтылған тарих қорынан ала алатын болады;

- екіншіден, сұхбат материалдары болашақ ұрпаққа тарихи мұра болып қалады;

Тарихшылар үшін өткеннен қалған іздің бәрі құнды, қажет. Мейлі заттай болсын, мейлі аузыша алынған ақпараттар болсын. Ал «жанды тарих» көрсетулері тарихшы үшін таптырмас қымбат қазына.

Тарихи оқиғаның куәгерлерінен мәлімет алу және оны қорыту архивтік құжаттармен жұмыс істеуден әлдеқайда тиімді, сонымен бір мезгілде әлдеқайда ауыр десек қателеспейміз. Себебі, «жанды деректер» немесе респонденттер сізді қызықтырған мәселе төңірегінде жаңа ақпараттар бере алады, ал бірақ та ол, сізді қалай адастырса, түрліше ойларға жетелесе, міне айтылған тарих деректеріне байланысты болмақ. Мұрағаттағы деректер күрделі сыни, сараптау, талдау ж.б ғылыми әдістерді қажет етеді. Сондықтан айтылған ақпараттарының шынайылығын анықтау кәсіби тарихшыға жүктелетін міндет. Айтылған тарих дерекқоры ғалымдар жұмыстарының сәтті, әрі сапалы орындалуында өзіндік ықпалы зор.

*Айтылған тарих жобасы:*

- Мәдени ұйымдар;
- білім беру мекемелері;
- әулеттік топтың өкілдері;
- өкімет орындарының тапсырысымен;
- кәсіби қауымдастықтар;
- тарихи оқиғаның куәгерлері үшін қажеттілік тудыруы мүмкін.

Ел ішінен тарихи сұхбат арқылы архивте, мерзімді баспа материалдарында ж.б дереккөздерінде кездеспейтін тың, жаңа мәліметтер жинақтауға болады. Советтік жүйеде өмірге келген құжаттар халық өмірін толыққанды ашуда дәрменсіз. «Е-е соғыс жылдары еді ғой, елдің бәрі де қиналды...» делінетін заман куәгерлерінің сол көңбіс мінезі бүгінге дейін қалған. Жеке адамдардың тарихи жады сұхбатқа кеткен аз уақыт ішінде бір елдің бүтіндей тарихынан ақпарат береді. Сол аз уақыт ішінде санада зор сілкіністер тудырады. Зерттеушісін өз заманына бірден баурап алады. Сондай өмір оқиғаларынан бірінде:

*«- Мен 4-ші класта оқып жүр едім, мамыр айында, бір милиция кіріп келді де, «Әй! халық жасауының баласын неге оқытып жүрсің, ал сен шық кластан», - деп, - мектептен шығарып жіберді [2]. - делінген Мүтәліп Ережепбаевтың (1926 ж.т.) әңгімесінен, елде орын алған советтік бісіктің 30-40 жылдарындағы суық саясатының ызғарын сезіне аламыз.*

Айтылған тарих әдісі негізімен алынған мына дерекке назар аударайық. Мұнда тылдағы әйел-ана әңгімесі беріледі. Әйел адамдар күнделікті өмір тарихын детальды түрде көрсетуде үлкен шебер несі. Соғыс жылдарының қайғы мен мұңға толы бейнесін тыл ардагерлерінің бірі - Шомаева Райхан (1915 ж.т.) өз өмірінің тәжірибесі арнасында: *«- Бригадир қызметіндегілер соғыстан қайтқан бірлі-жарым ер азаматтардан және басым бөлігі әйелдерден болатын. Олар жас қыздар мен келішектері қадімі тұтқындағы адамдай түрлі жұмыстарға жегіп қоятын [2]. - дейді.*

Міне, осыған ұқсас деректерді көптеп келтіре беруге болады...

*Дерекқорын пайдалану мүмкіндіктері.* Тарихи сұхбат материалдарын білім беру мақсатында, зерттеу ісінде және жарнама мақсатында пайдалануға болады. Ол деректерді:

- Веб-сайттарда;
- жинақ кітаптарда;
- салтанатты жиындар мен мерейтойларда (отбасылық тарих мақсатында);
- бұқаралық құралдарда;
- кітаптар мен деректік фильмдерде пайдалану мүмкіндіктері бар [4].

*Айтылған тарих деректерінің артықшылықтары.* Кәсіби тарихшылар үшін өткенді тануда түпнұсқа деректер: архив құжаттары, газеттер, күнделіктер, хаттар, суреттер, естеліктер ж.б. материалдар. Ал бірақ айтылған тарих ақпараттарының жазба дереккөздерінен бірнеше артықшылықтары бар. Тарихи сұхбатта ешқандай жазба деректерде кездеспейтін ақпараттар таба алмайсың, онда басым көпшілік жағдайда қарапайым адамдардың өмірі жөнінде ақпараттар таба алмайсың, онда басым көпшілік жағдайда саясаткерлердің, белсенділердің, қоғам көшбасшыларының есімдері жазылады. Сондықтан тұлғатанулық зерттеу істерінде тек қана жазба деректеріне сүйену жеткіліксіз болмақ. Тұлғаның табиғи-мінезін ашуда,

күнделікті өмірін, жан дүниесін тануда бұл жансыз деректік қор дәрменсіз. Ал «жанды тарих» сапарына шықсаңыз тарихи заманның кейіпкерлері өткен өмір құрылымын тамаша көрсетіп бере алады. Соған сәйкес Айтылған тарих ғылыми зерттеу орталығының жүргізген «Менің ғылымдағы өмірім» атты жобада академик Р.Сыздықова өз өмірінен тарихи әңгімелер айтады. Онда:

*«...Алға поселкасында үнемі нан жетпей қалатын. Кезекте тұрамыз. Кезекке түннен тұрамыз.*

*Қара суық. Үстімізде жөнді киім жоқ. Отыз-қырық адамбыз. Қараңғы түскенде бір кішкентай бала, шамамен 6-7-лерге келмеген болу керек, жүгіреді, жылайды, кәдімгідей даусын шығарып, бір уақытта тұрып: «Адам деген тоңады екен», – деп дауыстап жылады. Осы сөз құлағымнан әлі күнге дейін кетпейді. Алты жасар бала философиялық жаңалық ашты. Бала жүгіргенде жылынаатынын сезе ме, ұзап кетпей, біздерді айналып жүгіреді, жылайды еңкілдеп ...*

*Мен егер жазушы болсам, кітаптың атын «Адам деген тоңады екен!» деп қойып, сол соғыстың кезіндегі жоқ-жуқа, бала-шаға, қатын-қалаштардың көрген күнін жазар едім [3], - делінген оқиғалық құбылыста кейіпкерлердің барлық іс-қимылы, ортасы, қайғысы толық қамтылады. Міне осы сияқты мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Ал бұл тарихи жүзін көре тыңдау зерттеушіні эмоциясыз тебіренісін, дауысын, өткенін еске алып мұңға батқан жүзін көре тыңдау зерттеушіні эмоциясыз қалдыруы мүмкін емес. Ал тарих ғылымының қызметі – зерттеушіні, оқырманды, кейінгі ұрпақтарды отанының жүріп өткен өміріне үлкен құрметпен қарауға үйрету немесе отансүйгіштікті бойына дарыту, тарихи танымдық сананы қалыптастыру, халықты мемлекеттік бірегейлікке ұйыту. Мұндай ақпараттар архивтік ресми құжаттарда көрсетілмейді.*

Айтылған тарих ол - халықтың еркін дауысы. Сондықтан аға ұрпақ дауысы мен тәжірибелеріне үлкен құрметпен қарап, мұқият аудио-видео таспаларға жазып, олардың бүгінгі көзқарастары жөнінде айтатын ойларын жинау қажет іс болмақ. Сол арқылы біздің болашағымыз бой түзейтін болады. Тарихи сабақтастық тізбегі орнайды. Мемлекеттік бірегейлік сана нығаяды.

Айтылған тарих көпқырлы мәселелерге үңілуге үйретеді. Мысалы тіл білімі, химия ғылымы мамандарымен жұмыс істеу барысында ғылымның тарихын, тілдік ерекшеліктерін, ғалымдардың ғылымдағы өмірімен таныса отырып, өз қоржынымызға да жаңа ғылыми терминдер қостық, сол сияқты малшылардың, егіншілердің, кеншілердің еңбектегі құмырын зерттеу жаңа терминдерді игеруге жетеледі. Міне сол себепті, «Тарих үшін күрес» еңбегінің авторы француз тарихшысы Люсьен Февр «тарихшылар, географ болыңыздар! Құқықтанушы, әлеуметтанушы, психолог... болыңыздар!» деп ұран тастауы тегін емес еді.

Міне осыларды есепке ала отырып, айтылған тарихтың танымдық, тәрбиелік қызметі зор деп білеміз. Сол себепті республикамыздың отаншыл азаматын тәрбиелеуде бұл жаңа технологияны игеру аса қажет әрі маңызды болмақ.

Қорыта айтқанда «айтылған тарихтың» білім алушыларға берері не?

- Айтылған тарих пән ретінде тек магистрант-студент жастарының ғана емес, жалпы қоғамның тарихқа деген қызығушылығын арттыратын бірден-бір құрал. Әрбір азамат өзінің өмірлік тәжірибесінің ғылым үшін маңыздылығын сезінетін болады, сол арқылы жеке тұлғаның азаматтық санасының қалыптасуына жағымды ықпал жасалынады;

- айтылған тарих өмір тарихы жөнінде түрлі фактілік материалдар жинауға, өмір және оның адамдары жөнінде аңыз-әңгімелер, биографиялық материалдар қорын жасап оларды жариялауға, сол арқылы назардан тыс қалған дереккөздерін ғылыми айналымға қосуға мүмкіндік береді;

- магистранттар мен студенттер ғылыми-зерттеу ісіне қойылатын талаптарға сүйене отырып, мәселені зерттеуші-ғалым ретінде қарастыру мүмкіндігіне ие болады;

- магистранттар мен студенттер бойында отаншылдық, мемлекетшілдік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға және отан тарихы сабағын шынайы өмірмен байланыста оқуға мүмкіндік туады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 *Айтылған тарих. Оқу құралы / Қойгелдиев М.Қ., Нұртазина Н.Д., Мырзатаева З. ж.б. / -Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2015. – 240 б.*

2 *Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.). Ғылыми-көпшілік басылым / Қойгелдиев М.Қ., Жангуттин Б.О., Мырзатаева З.Б. ж.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 584 бет+8 бет жаспырма. (36,5 б.т.)*

3 *Менің ғылымдағы өмірім. Ғалымдармен 21 сұхбат. Ғылыми басылым/*

4 *М.К. Қойгелдиев, Б.О. Жангуттин, Ш.Б. Тілеубаев., З.Б. Мырзатаева, М.Ш. Қалыбекова, Л.А. Бисембиева, С.Г. Белоус, Ә.Болатхан // Под.ред. М.К. Қойгелдиева. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2014 ж. 472 б.*

5 *Лукина М. Технология интервью. Учебное пособие для вузов. М.: Аспект Пресс, 2003.*



**№2 СЕКЦИЯ. «ТАРИХ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
**СЕКЦИЯ №2. «АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

Абдуғұлова Б. К. Рухани жаңғыру жағдайындағы жанартылған тарихи білім мазмұны мен әдістемелік нысандары.....	188
Адилова Ф.А. XIX ғ. Аяғындығы мектеп және медреселерде білім беру жүйесінің қысымшылыққа ұшырауы.....	192
Ашербекова А.М. Ахмет Жанталиннің ағартушылық қызметі.....	195
Әзіретбергенова Э.Ж. С.Лапиннің шығармашылық мұрасы.....	198
Бакырова Ж.С. Мемлекет қайраткері ғалым, Кенжеәлі Аймановтың өмір жолы және оның Қазақстан оқу ағарту ісіне қосқан үлесі.....	202
Белоус С.Г. Применение технологии проблемного обучения на уроках истории Казахстана как фактор формирования познавательной активности школьников.....	204
Берлібаев Б.Т. Қазақстандағы ұлттық тарихи білімді орнықтырудың халықпен санасу әдісі.....	208
Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К. Реализация программы «Рухани жаңғыру» в системе исторического образования.....	214
Бимолданова А. Казахские волостные управители на страницах региональной печати в конце XIX начале XX века.....	217
Далаева Т.Т. Междисциплинарный характер изучения идентичности в современных исторических исследованиях.....	220
Жалмағамбетов Е.А., Бижанова С.А. Кызылорда қаласының білім беру жүйесінің қалыптасу тарихы.....	222
Жангутин Б. Голод и смертность как повседневность в годы войны 1941-1945 гг. в Казахстане.....	225
Жұмағұлов Б.С. Рухани жаңғыру және азаттық рухына айналған қала.....	228
Жұмағұлов Б.С. Қазақстандағы шаруалар көтерілістері және оның зерттелуі (XX ғ. 20-30 жылдары).....	234
Калиева Е.Т. Абдимананова А.Т. Миф құбылысы – өткенді түсіндірудің бір формасы ретінде.....	240
Калыбекова М.Ч. Депортация народов по документам государственных и ведомственных архивов Республики Казахстан.....	243
Карибжанова Е.А. Роль передовой казахской интеллигенции в области просветительства и просвещения казахского народа.....	247
Кудайбергенова Ж.А. Исследования миграционных процессов в Казахстане в конце XIX – начале XX вв. в дореволюционной историографии.....	252
Махаева А.Ш. Ағартушылық тарихындағы жәдідшілдік: қалыптасуы мен даму ерекшелігі.....	257
Менілібаев Ғ.А. Біз – ұлы дала еліміз!.....	260
Минбаева С. Древняя книга жизни: историческое познание культуры.....	263
Мукатова Д.М. XIX ғасырдың I ширегіндегі орыс-қытай талас-тартысындағы Жетісу.....	265
Муратқазин М. 1900-1940 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы оқу орындарының қалыптасу алғышарттары мен білім беру ісінің дамуы.....	268
Мырзатаева З.Б., Байсалбаева Т.М. Тарихи зерттеулердегі жана технология: Айтылған тарих әдісі негізінде.....	271
Нұрман Ш.Т. Жеке деректердің Қазақстандағы ғылыми мектептерді зерттеудегі ерекшелігі (XX ғ.).....	275
Нұрманбетқызы Ж., Даулбаев Т.Ф. Специфика применения технологий критериального оценивания на уроках истории.....	277
Нұрпейіс Т.Ә. С.Ж. Асфендияровтың отаршылдық тарихты зерттеуге қосқан үлесі.....	281
Нұрпейіс Т.Ә. Қазақстандағы 1867-1868 жж. реформалар бойынша орыс отаршылдығының сорақы саясаты.....	283
Оразов Р.Е. Сыздық сұлтанның Ташкент қаласын қорғаудағы қолбасшылық рөлі.....	287
Сайфулмаликова С.С. Тарихи білім берудегі 1916 жылғы көтерілістің теориялық аспектілері.....	291
Тілеубаев Ш. 1916 жыл: Ұлттық бірегейлік жолындағы күрес айтылған тарих деректерінде.....	295
Тілеубергенов Е.М. Түркістан өлкесі: 1916 жылғы көтерілістің зардаптары.....	300
Тоқтабай А. Өзбекстан қазақтарының тарихи және киелі жерлері айтылған тарих мәліметтері бойынша.....	305
Тулбасиева С. XX ғ. 20-30 жж. қырғыз (қазақ) АКСР-і кезеңінде білім алу жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихына шолу.....	311